*Астана қаласы, Есіл өзенінің сол жақ жағалауы, Д.Кунаев к. 39 үй*
*Индекс 010000*

**Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының**
**төрағасы Ж.Асанов мырзаға**

*Тұрғылықты жері: Атырау облысы, Мақат ауданы,*
*Доссор поселкесі, М.Өтемісұлы к. 120-3.*

**аз-т Г.Елекеновтың қорғаушысы**
**Қалжан Елекеновадан**

# АЛҒЫС ХАТ

Қазақта «Батырды жүз әйелдің бірі туса, биді мың әйелдің бірі туады» деген нақыл сөз бар. Яғни, би болу - екінің бірінің қолынан келе бермейтін, кәсіби біліктілікті талап ететін, адамгершілік қасиеттерді жоғары бағалайтын, адамның, отбасының, оған қоса мемлекеттің тағдырына ықпал жасайтын жауапты да мәртебелі лауазым.

Өз кезегінде, **Атырау облысы, Атырау қалалық № 2 сотының судьясы Гулжихан Жумабаевна Мутиеваға** зор алғысымды білдіре отырып, ҚР ҚК-нің 380-бабының 1-бөлігімен сотталған Г.Елекеновке қатысты қылмыстық іс бойынша объективті сараптама жүргізіп, сот процесінде адам тағдырына аса жауапкершілікпен қарап, судья мандатына лайықты екендігін көрсетіп, сот ісін жүргізу барысында қылмыстық заң нормаларын қатаң сақтай отырып, әділетті шешім шығарды.

Бұл арада бір сөзбен айтқым келгені мен судья Г.Мутиевадан қазақтың қара қылды қақ жаратын баяғы билердің ұрпағының бүгінгі бейнесін көрдім. Сот төрешісі болып осы судья сияқты судьялар қызмет атқаратын болса онда Қазақстан Республикасының сот жүйесінің өте жоғары деңгейде екендігін және сотқа деген қарапайым адамдардың сенімі одан ары арта түсетіне өз басым кәміл сенемін.

Сонымен осы алғыс-тілегімді білдіру арқылы Атырау облысы, Атырау қаласының №2 сотының судьясы Г.Ж.Мутиеваға деген шексіз алғысымды білдіремін. Шын ықыласыммен Сіздерге зор денсаулық, қажырлы қайрат пен үнемі сәттілік бірге болсын деп тілеймін!

**Ізгі ниетпен: қорғаушы Қ.Елекенова** Елекен

10.12.2018ж

24.12.18
5405
1015